



**Өте шұғыл**  
**Мектеп директорларына**

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі Жамбыл облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне сәйкес, өткен жылы облыс аумағында орналасқан су айдындарында 33 адам қаза болып, оның ішінде 21-і (1 жастан 5 жасқа дейінгі -8 бала, ал мектеп жасындағы 13 бала) балар болғанын жеткіземіз.

Балалардың қаза болуының негізгі себептері, олардың су айдындарының жанында қараусыз қалуы, өз күштерін асыра бағалау мен жүзе алмауы болып отыр.

Осыған орай, өткен жылы орын алған қайғылы оқиғаларды ескере отырып, су тоғандарындағы балалардың жазғы маусымда суға шомылу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қатаң бақылауда ұстауды тапсырамыз.

Жазғы шомылу маусымында адам өлімі мен қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында, барлық білім беру мекемелерінде оқушылар арасында судағы қауіпсіздік тақырыбында келесі іс-шараларды атқару қажет екенін ескертеміз:

- «Су айдындарындағы қауіпсіздік» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын өткізу, слайдтар, бейнероликтерді пайдалану, плакаттар мен жадынамаларды ата-аналардың чаттарына тарату;

-Мектеп жанындағы лагерлерде ата-аналармен жиналыс өткізу барысында балалардың белгісіз су айдындарында ересектердің қадағалауынсыз шомылмауы жөнінде, судағы қауіпсіздікті сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

-Су тоғандары маңайындағы қауіпті аумақтарға ескерту тақтайшаларын орнатуды қамтамасыз ету;

-Жазғы шомылу маусымы кезеңінде аудан аумағындағы су айдындарында балалардың өлімінің алдын алу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау.

Осыған орай атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты әр аптаның бейсенбі күні сағ 12.00-ге дейін білім бөліміне жолдау қажет.

**Қосымша (1,2)**

Басшы 

**Е. Абуталипов**